

Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі "2015 - 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" № 184/6 қаулысына өзгеріс енгізу және 1-қосымшасы 45-тармағының әрекет етуін тоқтата тұру туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 267/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қазанда № 4759 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі "2015 - 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" № 184/6 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4635 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 тамызда "Сарыарқа самалы", "Звезда Приитрышья" газеттерінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін және әрекет етуі тоқтатылсын: көрсетілген қаулының 1-қосымшасының 44-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"

44	0302000 0302033	Медбике Жалпы практикадағы медбике	ісі:	200	125	
----	--------------------	---------------------------------------	------	-----	-----	--

";

1-қосымшаның 45-тармағының әрекет етуі 2016 жылғы 1 шілдеге дейін тоқтата тұрылсын.

2. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облысы әкімінің орынбасары Ғ.Қ. Сәдібековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК